



№75 (10168)
4 қазан,
сенбі
2025 жыл

Жалағаш жаршысы

Аудандық қоғамдық-саяси газет

Газет 1934 жылдың 10 қаңтарынан бастап шығады



«zhalagash-zharshysy.kz»
ақпараттық агенттіміз



Құттықтау

Құрметті ұстаздар, қадірлі сала ардагерлері!

Сіздерді кәсіби мерекелеріңіз – ұстаздар күнімен шын жүректен құттықтаймын!

Ұстаз – адалдық пен әділдіктің, ізгілік пен сыпайылықтың үлгісі. Шәкіртің ел үшін еңбек етіп, халқының үмітін ақтағанын көру – ұстаздың еңбектегі жеңісі.

Бүгінде ұстаздар қауымының ерен еңбегі мемлекет тарапынан жоғары бағалануда. Президентіміздің және Үкіметтің қолдауымен, облыс әкімінің бастамаларымен білім саласында бірқатар игі іс жүзеге асырылуда. Жаңа мектептер бой көтеріп, оқу-тәрбие үрдісін жетілдіруге бағытталған бастамалар сәтті жалғасуда.

Мәселен, өткен жылы 13 білім беру ұйымы жаңадан ашылды. Мемлекет басшысының бастамасымен жүзеге асырылған «Келешек мектептері» ұлттық жобасы аясында 10 мектеп салынды.

Аудан ұстаздары да төл мерекелерін үлкен жетістіктермен қарсы алып отыр. Биылғы оқу жылында аудан бойынша мектеп бітірген түлектердің 16-сы «Алтын белгі», 46-сы «Үздік аттестат» иегері атанды. 388 оқушы ҰБТ-ға қатысып, аудан орташа 84,1 балл көрсеткішке қол жеткізді. Ауданымыз тест қорытындысы бойынша облыс деңгейінде алғашқы бестікте, ал грант иелену бойынша екінші орынға тұрақтады. Бұл – ұстаздарымыздың қажырлы еңбегінің жемісі.

Елімізде білім беру саласына ерекше көңіл бөлініп, сала бюджеті жыл сайын ұлғайып келеді. Бұл – мемлекет тарапынан көрсетіліп отырған зор қолдаудың айғағы.

Құрметті ұстаздар!

Жас ұрпаққа сапалы білім мен саналы тәрбие беру – сіздердің асыл борыштарыңыз. Білімді ұрпақ – ел болашағының кепілі. Сіздерді мерекелеріңізбен құттықтай отырып, дендеріңізге саулық, отбастарыңызға амандық, еңбектеріңізге шығармашылық табыс тілеймін.

Құрметпен
Ардақ ИБРАИМОВ,
Жалағаш ауданының әкімі

Салтанатты шара

Ұстаздар құрмет төрінде

Қазақ – қай кезде де ұстазды ұлықтаған ұлы халық. Шыбық тіксе, шынар болатын, таяқ тіксе, тал болатын, қыран ұшса, қанаты талатын кеңбайтақ қазақ даласының небір дарынды дарабоздарын дана еткен – ұстаз. Мағжан Жұмабаев «Алты алаштың басы қосылса, төрдегі орын – ұстаздік!» деп текке айтпаса керек. Кеше аудандық мәдениет үйінде ұстаздар қауымының төл мерекесіне арналған «Қалдырған ізін мәңгілік» атты салтанатты шара өтті.

Ұстаз берген тәлім-тәрбие әрбір жанның өміріне жол сілтер бағдаршам іспетті. Себебі ғылым иесі ғалым да, ел қорғаған батыр да, тілінен бал тамған ақын да, тегуеріні темір балқытқан жұмысшы да, егін салған диқан да, мал бағып, төр төккен шопан да, көк күмбезінен әрі өткен ғарышкер де ұстаздан білім, тәрбие алған. Сондықтан бүкіл адам баласы құрметпен бас иетін ұлағатты ұстаздардың қашанда мәртебесі биік. Аудан әкімінің міндетін уақытша атқарушы Ғани Сүлейменов салтанатты жыйында ұлағатты ұстаздарды кәсіби мерекесімен құттықтап, ұлт болашағын тәрбиелеудегі еселі еңбектеріне сәттілік тілеп, бірқатар сала қызметкерін марапаттады.

– Қай заманда да, қандай қоғамда да ұстаздық кәсіп қасиетті де киелі саналған. Дүниедегі ең қастерлі, ең құрметті, ең мәртебелі мамандық ұстаз болу деп ойлаймын. Шәкірттерін білім нәрімен сусындатып, тәлім-тәрбие беру, жақсы қасиеттерді бойына дарытып, дұрыс бағыт-бағдар беруде ұстаздың еңбегі зор. Ұстаз – бір ғана шәкіртті емес, тұтас ұлтты, елді алға жетелеуші. Өз бойындағы адалдық, сыпайылық, ізгілік, әділдік сияқты жақсы қасиеттерді



шәкіртінің бойына сіңірген, оның қияға қанат қаққаның ел үшін абыройлы еңбек еткенін көрген ұстаз бақытты. Бұл – мұғалімнің еңбектегі, өмірдегі жеңісі. Биыл ауданда 450 түлек мектеп бітірсе, оның 16-сы «Алтын белгі», 46-сы «Үздік аттестат» иегері болды. 388 оқушы ұлттық бірыңғай тестілеу сынағына қатысып, аудан бойынша орташа ұпай 84,1 болды. Ұлттық бірыңғай тестілеу сынағы бойынша аудан бестікке енді, бітірушілердің грантты иеленуі бойынша екінші орында тұр. Бұл – біздің ұстаздар қауымының жыл бойы тынымсыз еңбегінің жемісі. Жаңа оқу жылы барлығыңызға сәтті, табысты жыл болсын. Отбастарыңызға амандық, дендеріңізге саулық, еңбектеріңізге шығармашылық табыс тілеймін, – деді Ғани Кенжеғараұлы.

Шарада аудан әкімінің міндетін уақытша атқарушы Ғани Сүлейменов ұстаздарға облыс әкімінің «Құрмет» гра-

мотасын, алғыс хатын және облыстық білім басқармасының «Құрмет» грамотасы мен аудан әкімінің алғыс хатын табыстады.

Сондай-ақ ауыл мектептеріне арналған пәндік олимпиаданың қорытындысымен физика пәнінен республикалық кезеңде 2 оқушысы алтын медаль иеленген №201 мектеп-лицейінің физика пәні мұғалімі Айгүл Шілдебаева, дәл осы олимпиаданың химия пәні бойынша республикалық кезеңде оқушысы алтын медаль иегері атанған №32 мектеп-лицейінің химия пәні мұғалімі Мархаббат Мұстафаеваға, «Дарынды балаларға – талантты ұстаз» атты педагогтардың республикалық олимпиадасының I орын иеленген №201 мектеп-лицейінің тарих пәні мұғалімі Дәулет Сәкенұлына «Біркелік» оңалту-сауықтыру кешіне жолдама берілді.

Айта кетейік, қазіргі таңда ауданда 1300-ге жуық ұстаз балаларға сапалы

білім, саналы тәрбие беруде. Олардың ішінде 1-еуі Қазақстан Республикасы білім беру ісінің құрметті қызметкері, 4-еуі Қазақстан Республикасы білім беру ісінің үздігі, 3-еуі «Ы.Алтынсарин» медалінің иегері.

Мұғалім еңбегінің жемісі шәкірттерінің жетістігі деп білсек, биылғы оқу жылында ұлттық бірыңғай тест тапсырған түлектердің 84 пайызы мемлекеттік грант иегері атанып, жоғары оқу орнына түсуге мүмкіндік алған. Сондай-ақ республикалық байқау кезеңіне 15 оқушы қатысып, 12 оқушы жеңімпаз атанған. Республикалық деңгейде Темірбек Жүргенов атындағы №123 мектеп-лицей «Үздік 100 олимпиадалық мектеп» құрамына енді. Мұнан бөлек республикалық «Бастау» математикалық турнирінде, «Зерде» шығармашылық жобалар конкурсында, «Абайтану» олимпиадасында, «Лияс», «Қадыр» оқуларында аудан оқушылары жүлделі орындар иеленген.

Былытырғы оқу жылында білім беру ісінде үздік нәтиже көрсеткен мектеп ұжымдарына құрмет көрсетілді. Мәселен, «Білім бейтерегі» номинациясымен Темірбек Жүргенов атындағы №123 мектеп-лицей ұжымы марапатталды. Жүлде қоры – 1 млн теңге. Білім ошағы 2024-2025 оқу жылында республикалық «Еліміздің үздік 100 олимпиадалық мектеп» құрамына енген. Ауыл мектептеріне арналған пәндік олимпиаданың қорытындысымен оқушылары республикалық кезеңде орыс тілі пәнінен күміс медаль, жалпы пәндік олимпиада бойынша қазақ тілі пәнінен алтын медаль иеленген.

«Үздік инновациялық мектеп» номинациясымен Әл-Фараби атындағы №201 мектеп-лицейі ұжымы марапатталды. Жүлде қоры – 1 млн теңге. Былытырғы оқу жылының қорытындысымен ауыл мектептеріне арналған пәндік олимпиадада «Үздік ауыл мектебі» номинациясына ие болды, оқушылары республикалық кезеңде физика пәні бойынша алтын медаль, география, информатика, химия математика, Қазақстан тарихы пәндері бойынша күміс, қола медаль иеленді.

Жалаасы 2-бетте

Сұхбат

Жаңа оқу жылы: 6885 оқушы білім алуда

Жаңа оқу жылының басталғанына да 1 ай уақыт болды. Жалағаштық ұстаздар бұған дейінгі әр жылды табысты қорытындылап, бәсекеге қабілетті ұрпақ қалыптастыруда аянбай еңбек етті. Мереке қарсаңында аудандық білім бөлімінің басшысы Талғат Садықовпен сұхбаттасып, саланың бұған дейінгі жұмысын сараладық, сондай-ақ ауданның бас ұстазы алдағы мақсат-міндеттерді де қамтып, бірқатар сауалымыздың түйінін тарқатты.

– Талғат Құрақбайұлы, алдымен өзіңіз бастаған аудандағы барша ұстазды төл мерекелеріңізбен құттықтаймын. Жалпы биыл жаңа оқу жылына дайындық жұмыстары өз деңгейінде орындалды ма? Білім ошақтарының жай-күйін пысықтау, оқушыларды оқулықпен қамту бойынша межелі уақытта тиісті жұмыстар атқарылды ма?

– Рақмет! Осы сәтті пайдалана отырып, мен де білім саласында аянбай еңбек етіп жүрген әріптестерімді, сала ардагерлерін төл мерекемен құттықтаймын. Енді сауалы-ңыздың түйінін тарқатсақ, ауданда білім беру ұйымдарының биылғы жаңа оқу жылына дайындық жұмыстары жоспарға сай жүргізілді. Жалпы ауданда 20 мектеп, 38 мектепке дейінгі ұйым, 3 қосымша және 2 арнаулы білім беру ұйымы бар. Біз биыл 7 мыңға жуық оқушымен жаңа оқу жылын бастадық. Сондай-ақ мектепке дейінгі білім беру ұйымдарында 2 500-ден астам бала тәрбиеленуде.

Оқулықтармен қамту бойынша да нәтижелі жұмыс бар, мәселен, жаңа оқу жылында оқулықтар мен оқу-әдістемелік көшендерін сатып алуға облыс қазынасынан 70 млн 311 мың теңге қаржы қаралды. Біз 18710 дана



оқулық сатып алуға тапсырыс бердік, бұл жұмыстарға қатысты 9 баспамен келісім-шарт жасалды. Оқулықтарды тасымалдау үшін 1 млн теңгеге тағы келісім-шарт жасалды. Жалпы тамыздың екінші онкүндігінде бұл жұмыстарды толық аяқтадық.

Енді білім ошақтарының дайындығына келсек, біз жаңа оқу жылына дейін мұның бәрін пысықтап алдық, яғни мектептердің материалдық инфрақұрылымын жақсартуға басымдық бердік. Бұл мақсатқа биыл 262 млн 800 мың теңге қаралды. Тиісті қаражатқа 8 мектеп ауласы қоршалды. Аймақ бойынша 51 мектеп реновацияға енген болатын. Соның ішінде Жалағаш ауданынан №31 мектеп-гимназиясы да бар. Жазда білім ошағының есік-терезесін жаңаладық, кафелин ауыстырдық. Сондай-ақ дәл осы мектепке Led экран жылжылма сенсорлық панель тақталар, эрисман парталармен қамтамасыз етіледі. Білім ошағының ауласына асфальт төселді.

Мен жалпы реновацияға енген аудандағы жалғыз білім ошағы болғаннан кейін №31 мектеп-гимназиясы бойынша атқарылған жұмыстарға тоқталып отырмай. Негізі аудан бойынша барлық білім ошағының жаңа оқу жылына дейін дайындық жұмыстарын

пысықтап алдық. Әсіресе ауыл мектептеріне де басымдық бердік, мәселен, Мәдениеттегі №32 мектеп-лицейі ғимаратының сырты қапталды. Кенттегі 201 мектеп-лицейіне де жөндеу жұмыстары жүргізілді, яғни ішкі есіктері жаңаланып, кафелин ауыстырылды. Аққұм ауылындағы №38 орта мектебі ғимаратының сыртқы бетін жетістеу, сырлау жұмыстары жүргізілді. Кенттегі №246 орта мектеп пен №201 мектеп-лицейінің спорт алаңдарына қайта жаңғырту жұмыстары жүргізілді. Жалпы жаңа оқу жылына дейін аудандағы барлық білім ошағы 100 пайыз дайын болды.

– Дайындық жұмыстары жоғары деңгейде жүргенін байқап отырмыз, бұдан қауіпсіздік жағы назардан тыс қалған жоқ па?

– Біз білім ошағындағы қауіпсіздік мәселесіне жыл сайын ерекше мән береміз, биыл да бұл жағын қаперден шығармадық. Мәселен, бүгінде аудандағы 20 мектеп пен 10 балабақша 100 пайыз бейнебақылау жүйесімен, дабыл түймесімен қамтылды. Бейнекамералар полиция бөлімінің жедел басқару жүйесімен интеграция жасалған. Турникет 16 мектепте жұмыс жасайды, 5 мектепте күзет қызметі бар.

Биыл мектепке дейінгі білім беру ұйымдарына, Оқушылар үйі мен Өнер мектебі, «Ақтөрек» сауықтыру лагеріне 53 млн 592 мың теңгеге бейнекамералар орнатылды. Дабыл түймесін орнатуға 6 млн 215 мың теңге қаралды. Жол картасының 82-тармағы бойынша балалар қауіпсіздігін, асхана мен кітапхана жұмысын цифрландыруға бағытталған сәйкестендіру карточкалары жүйесімен қамтылған мектептер үлесі 50 пайызды құрауы тиіс. Осы бағытта 3,5 млн теңге қаралып, 2 мектепке ақпараттық бағдарламалық кешен орнатылып, тиісті жұмыстар жүргізілуде. Жаңа оқу жылынан бастап аудан орталығындағы 5 мектеп ақпараттық бағдарламалық кешенмен жұмыс жасауда.

– Президент Жолдауда алдағы 3 жылда цифрлы елге айналу міндетін қойды. Жалпы бұл талапты орындауға ауданның білім саласы дайын ба? Білім ошақтарында цифрландыру бағытында қандай жұмыстар атқарылуда?

– Цифрландыру бағытындағы жұмыстарға келсек, ауданда мектептердің барлығы 100 пайыз интернет желісіне қосылған. Компьютерлер паркі 100 пайыз жаңартылған. Барлық білім ошағы «BilimLand» электронды

платформаға қосылған. Мектептердің 90 пайызы жаңа модификациялық кабинеттермен қамтамасыз етілген.

Шыны керек, қазірдің өзінде оқу барысында жергілікті ұстаздар жасанды интеллекттің 30 пайыз пайдаланып отыр. Балаларға да оны меңгеру қиына соқпайды. Керісінше кейінгі буын бізден алда келе жатыр деп айтсақ та болады. Ұстаздардың оны терең меңгеруіне де барлық жағдайды жасап отырмыз. Менің өзім кешеге дейін осы жасанды интеллектті меңгеру бойынша 8 ай курсым оқыдым. Жалпы аудандағы ұстаздардың 30 пайызы жасанды интеллектімен жұмыс жасау бойынша оқудан өтті. Жыл аяғына дейін бұл көрсеткішті 50 пайызға жеткізу жоспарда бар.

Біз қазіргі таңда білім ошақтарын 100 пайыз интернет желісімен қамтып отырмыз. Негізінен жасанды интеллектті меңгеруде, онымен жұмыс жасауда интернет және оның жылдамдығы маңызды рөл атқарады. Сондықтан біз енді білім ошақтарындағы интернет жылдамдығын күшейтуге басымдық береміз. Бұған дейін біз дәл осындай бастаманы Далдабай ауылында іске қостық. Қазіргі таңда бұл ауылдың интернет жылдамдығы аудан орталығынан да жоғары деп айтуға болады. Енді біз осы бастаманы шалғай ауылдарда жүзеге асыруды көздеп отырмыз. Бұйырса, алдағы уақытта Аққыр ауылында да интернет жылдамдығын күшейтуге басымдық береміз.

Жалпы аудандағы білім ошақтарын қажетті құрал-жабдықтармен, кабинеттермен қамтамасыз ету шаралары демеушілер есебінен де жүргізілуде. Мәселен, биыл ауданда «Қазақстан халқына» қорының қолдауымен №201 мектеп-лицейі жаңғыртылды. Білім ошағына «Қазақстан халқына» ұлттық қорынан ауылдық жердегі мектептердің әлеуетін арттыру мақсатында 250 миллион теңге көлемінде қаржы бөлінген болатын. Бұл қаржыға 21 пәндік кабинет, 56 моноблок, 18 интерактивті панель, заманауи кітапхана, спорт зал, коркинг аймағы, арт студия, киш студиясы, телестудия, робототехника және STEM зертханалары, шахмат кабинеттері заманауи құрал-жабдықтармен толықтай жабдықталды. Сонымен қатар барлық оқу кабинеті жаңа жиһаздармен және

интерактивті оқытуға арналған технологиялармен қамтамасыз етілген. Қазір білім ошағы 100 пайыз барлық құрал-жабдықпен жарақталды. Енді біз алдағы уақытта кезек-кезеңімен барлық мектепте осындай жобаларды жүзеге асыруды жалғастырамыз. Бұл білім саласына айтарлықтай оң әсер ететіні сөзсіз.

– Өткен оқу жылын қалай қорытындыладыңыздар? Нәтижеге көңіліңіз тола ма?

– Жалпы өз-өзіме баға беруден аулақпын. Қызылорда облысы соңғы 2 жылда қатарынан ҰБТ қорытындысы бойынша көш бастап келеді. Мұнда Жалағаш ауданының да өзіндік қолтаңбасы бар. Мәселен, алдыңғы оқу жылындағы ҰБТ қорытындысы бойынша аудан түлектері жиған орташа балл 82-ні құраса, биыл бұл көрсеткіш 84,2-ге жетті. Мұның бәрін әріптестерімнің еңбегімен және шәкірттердің ізденісімен байланыстырамын. Оң нәтиже өздігінен қалыптаспайды. Сондықтан мұның артында тыңғылықты дайындық жұмыстарының барын жақсы білемін.

Биыл 450 түлек мектеп бітірсе, оның 16-сы «Алтын белгі», 46-сы «Үздік аттестат» иегері болды. 388 оқушы ұлттық бірыңғай тестілеу сынағына қатысып, аудан бойынша орташа ұпай 84,1 болды. Ұлттық бірыңғай тестілеу сынағы бойынша аудан бестікке енді, бітірушілердің грантты иеленуі бойынша екінші орында тұр. Мен айтар едім, бұл – біздің ұстаздар қауымының жыл бойы тынымсыз атқарған еңбегінің жемісі.

Бүгінгі таңда ауданда 1300-ге жуық ұстаз балаларға сапалы білім, саналы тәрбие беруде. Олардың ішінде 1 «ҚР Білім беру ісінің құрметті қызметкері», 4 «ҚР Білім беру ісінің үздігі», 3 «Ы.Алтынсарин» медалінің иегері бар. Бұл – ауданның рухани әлеуеті, халықты алға жетелейтін үлкен күш.

– Биыл жаңа оқу жылында қанша бала білім алуда?

– Жалпы биылғы жаңа оқу жылында 6885 оқушы 430 сынып жиналытығында білім алуда. Сондай-ақ 1 сыныпқа 662 бүлдіршін қабылданып, білім жолындағы алғашқы қадамын жасады.

– Риясыз әңгімеңізге рақмет!

Сұхбаттасқан
Кенжетай ҚАЙРАҚБАЕВ

2 шырақ

Білім

Ақсудағы алтын ұя

Аптаның алғашқы күнінде білім саласындағы жаңалықтарды бағамдау үшін Ақсу ауылындағы №116 орта мектепке жол тарттық. Мектеп ауласына кіргеннен оқушылардың асыр салып ойнаған қуанышты сәтінің куәсі болдық. Балалық шақтың ғажап көрінісі дерсіз. Бір мезетте қоңырау үні естілді. Бірақ бұл – жай қоңырау емес, қазақтың күмбірлеген күйі. Қоңыр домбыра үні шәкірттерді сабаққа шақырып жатыр. Сыныбына асыққан оқушылардың ізінен еріп, біз де мектеп тынысымен танысуға бет алдық.



Мектеп директоры Дархан Әбдиев қарсы алып, оқу ордасының жетістіктерін баяндап, бүгінгі тынысымен таныстырды. 1986 жылы іргетасы қаланған білім ұясы 464 орындық типтік үлгіде салынған.

Мектепте бүгінде 59 педагог қызмет етеді. Оның 16-сы – педагог-зерттеуші, 13-і – педагог-сарапшы, 20-сы – педагог-модератор. Жаңа оқу жылы қарсаңында ауыл мектебінде барлығы 247 оқушы білім алуда. Мектеп табалдырығын алғаш аттаған 15 бүлдіршін 1-сыныпқа қабылданған. Сондай-ақ мектепалды даярлық тобына 25 бала келіп, алғашқы білімге деген қадамын жасады.

Мұнда оқушылардың дұрыс тамақтануына ерекше көңіл бөлінеді. Бүгінде мектепте 135 бала ыстық тамақпен қамтамасыз етілген, оның 86-сы – бастауыш сынып оқушысы. Бұл – білім ордасының қамқорлық пен қолдауды басты назарда ұстайтынын көрсетеді.

Дархан Әбдиев кешегі жазда оқушылардың демалысын тиімді ұйымдастыру да назардан тыс қалмағанын айтады. Быылғы маусымда 30 балаға лагерге арнайы жолдама беріліп, оқушылардың жаңа оқу жылына тың серпінен оралуына ықпал етілген.

Директордың айтуынша, келер жылы 22 оқушы мектеп бітірмек. Оның ішінде 1 түлек «Алтын белгі», 4 оқушы «Үздік аттестатқа» үміткер. Қазіргі таңда түлектер үшін ұлттық бірыңғай тестілеуге дайындық жұмыстары жүйелі жүргізілуде.

– Өткен оқу жылында мектепті 33 оқушы аяқтап, олардың ішінде 1 түлек «Алтын белгі», 6 оқушы «Үздік аттестат» иегері атанды. Сондай-ақ 22-сі ұлттық бірыңғай тестілеуге қатысып, өз білімін саралады. Соның нәтижесінде 15 түлек мемлекеттік білім гран-

тын иеленді. Ал 7 оқушы жоғары оқу орындарына ақылы негізде құжат тапсырды. ҰБТ-ға қатыспаған 11 түлек те назардан тыс қалмай, арнаулы оқу орындарына орналасты, – дейді Дархан Төкбергүллы.

Мектеп түлектері ҰБТ-ға дайындықты жүйелі түрде бастап кеткен. Жақында түлектер Қызылорда қаласындағы U-STUDY орталығында тест тапсырып, өз білім деңгейлерін тексеріп қайтқан. Таңдау пәндеріне келсек, олардың басым көпшілігінің медицина мен педагогика саласына ықыласы ауып отыр.

Алтын ұяның материалдық-техникалық базасы заман талабына сай жылдан-жылға жаңарып келеді. Бүгінде интерактивті тақталармен жабдықталған химия, физика, биология, информатика кабинеттері жұмыс жасап тұр. Бұл шәкірттердің пәнге деген қызығушылығын арттырып қана қоймай, білімді терең меңгеруіне септігін тигізуде. Сонымен қатар 2022 жылдан бері жұмыс істеп келе жатқан «Жасыл мектеп» кабинеті бар. Оқушылар мұнда сабақтан тыс уақытта әр өсімдікті баптап, ауыл шаруашылығының қыр-сырына қағығады. 21 544 кітап қоры бар кітапхана – оқушылардың танымын кеңейтіп, ізденісін жетілдіруге бағытталған.

Алдыңғы оқу жылында мектеп оқушылары ғылыми ізденіс бағытында жоғары нәтижелерге қол жеткізген. Мәселен, «Дарын» ғылыми жобалар байқауында 2 оқушы жүлделі орын иеленсе, «Зерде» зерттеу жұмыстары мен шығармашылық жобалар республикалық конкурсының аудандық кезеңінен 6 оқушы жеңімпаз атанған. Сонымен қатар республикалық «Ақбота» интеллектуалды марафонының аудандық кезеңінде 29 оқушы қатысып, 4-еуі облыстық кезеңде жүлделі орын иеленген. 7

ұстаз кәсіби байқауға қатысып, 1 ұстаз республикалық деңгейде кәсіби шеберлігін дәлелдеген.

Мұнан бөлек пәндік олимпиада нәтижелері де көңіл көншітеді. Облыстық деңгейде Снасап Альфия III орынға, Әди Дидар II орынға ие болып, алтын ұяның абыройын асқақтатқан.

Былырғы оқу жылында Алматы қаласында өткен ауыл мектептерінде білім алатын оқушыларға арналған республикалық IQanat олимпиадасында еліміздің ең үздік оқушылары бас қосқан болатын. Білім бәйгесіне мыңға жуық бала қатысып, өз бағын сынаған. Аталған олимпиадаға ауданнан 6 оқушы қатысты. Соның бірі – осы мектептің оқушысы Альфия Сынасап. Биыл жетінші жыл дәстүрлі түрде өтіп жатқан жарыстың қорытындысы бойынша Альфия жеңімпаз атанып, бүгінде өз білімін IQANAT HIGH SCHOOL OF BURABAY мектебінде жалғастырып жатыр.



Гүлжан ЕСЖАН

Маман мерейі

Білікті педагог

Шынар Бақтыбаева жастайынан есеп-қисапқа жүйрік, қызығы мен қиындығы қатар жүретін мамандық иесі болуды бала күнінен армандаған. Алғашқы еңбек жолын Мөрәлі Шаменов ауылындағы Ә.Бердәулетов атындағы №34 орта мектепте бастаған ол қазіргі таңда Ақсу ауылындағы алтын ұяда 27 жыл бойы үздіксіз шәкірт тәрбиелеп келеді.



– Маған мектеп қабырғасында жүргенде жаратылыстану бағыты, яғни алгебра, химия, физика пәні ұнайтын. Сабақ барысында ұстазыммен бірге күрделі есептердің күрмеуін шешіп, талқылайтынбыз. Отбасымызда менен үлкен екі өкпем бар. Екеуі де медицина саласын тандаған. Олардың ақ халат кигеніне қарап, бастапқыда мен де дәрігер болармын деп ойлаушы едім, бірақ есе келе өзімнің білім саласына қабілетім барын байқап, биология-химия пәнінің мұғалімі мамандығын тандадым. Бұл саланы таңдағанымға өкінбеймін. Шүкір, еңбегім ақталып, шәкірттерім білім бәйгелерінен топ жарып жүр. «Ұстаздың еңбегі шәкірттің жетістігімен бағаланады» демекші, шәкірттеріме қарап төккен терім текке кетпегенін түсінемін, – дейді Шынар Тайшықызы.

Иә, кейіпкеріміз – тәжірибесі мол, білікті маман. Соңғы 5 жылда бітіруші түлектердің арасында ұлттық бірыңғай тестілеуде химия пәнін таңдаған оқушылар мектепті «Алтын белгіге» бітіріп, ҰБТ-дан жоғары балл жинаған. Мәселен, Арайлым Боранбай, Нұрай Жақсылық, Жаннұр Төлеу, Аружан Айтбай, Тоғжан Сәйіп мен Марта Алтынбек солардың

қатарында. Олар – ҰБТ-да 100-ден жоғары балл жинап, химия пәнінен үлкен жетістікке жеткен мектеп мақтанышы.

Кейіпкеріміз биыл түлектердің арасынан 3 оқушы химия пәнін таңдап отырғанын айтады. Оқу жылы басталысымен олар екі рет білім тестін тапсырып үлгерген. Нәтижесі көңіл көншітеді, яғни оқушылары таңдау пәнінен берілген 50 сұрақтың 39-ына дұрыс жауап берген. Бұл жетістікті білікті педагог оқушылармен дайындықты ерте бастауымен байланыстырады.

– Мен жылда 10-сынып оқушыларынан сабақ барысында «Кім келесі жылы химия пәнін таңдайды?» деп сұрап, сол сөттен бастап бағыт-бағдар беремін. Жоғарыда айтып өткенімдей, 3 оқушымы химия пәнін таңдауға былытр нақты бел бұған. Содан бері олар 7-8 сыныптың бағдарламасын қайталап, жазғы демалысын бос өткізбеді. Бүгінде өздері соның жемісін көріп, жоғары балл жинады. Десе де бұнымен тоқтап қалмаймыз. Дайындық уақыты көбеймесе, кемімейді, – дейді ол.

Ұлағатты ұстаз шәкірттері пәндік олимпиадаларға да тұрақты қатысып, жоғары нәтижеге қол жеткізіп жүр. Мәселен, Альфия Сынасап былытр

жалпы білім беретін пәндер бойынша 7-8 сынып оқушыларына арналған республикалық олимпиаданың аудандық кезеңінен I орын алып, облыстық кезеңінде үштікті түйіндеді.

Альфия мұнан бөлек ауыл мектептерінде білім алатын оқушыларға арналған республикалық IQanat олимпиадасында да бағын сынап, үлкен жетістікке қол жеткізген. Нақтырақ айтсақ, озат оқушы былытр қатарластарымен бірге аталған олимпиадаға қатысуға бел бұған. Ол әуелі мектепшілік, аудандық, облыстық кезеңдерде топ жарып, республикалық кезеңге өткен. Ол өз қалауымен 7-ші сыныпта ұстазына келіп «апаи, мен олимпиадаға қатысқым келеді, мені алыңызшы» деп өтінген. Содан бастап шәкіртімен тыңғылықты дайындық жүргізуді қолға алған ұстаз Альфияға химия пәнінен 11 сыныпқа дейінгі бағдарламаны толық үйретіп шыққан. Ол олимпиадада оқу сауаттылығы, ағылшын тілі, математикалық сауаттылық, логикалық ойлау және таңдау пәні химия бойынша тест тапсырған. Тест қорытындысы бойынша үздік 50 оқушының қатарына кіріп, биылғы жаңа оқу жылын IQanat High School of Burabay

мектебінде оқуды бастаған.

Айта кетейік, кейіпкеріміз 27 жыл ұстаздық қызмет еткенде қаншама оқушыға білім беріп, 4 сыныпқа жетекшілік етті, оларды үлкен өмірге шығарып салды. Білім саласында ұстаздық қызметті абыроймен атқарып жүрген ұлағатты ұстаздың алғашқы шәкірттері бүгінде өзімен қатар аталған мектепте қызмет етуде. Ол әңгіме барысында мектепке келмей, артынан үйіне іздеп барып, сабаққа әрең қатыстырған оқушылары бүгінде елге адал қызмет етіп жатқанын айтты. Оқушының барлығы бірдей тәртіпті бола бермейді. Кез келген сыныпта тәртіпке көнбейтін, бір тентек бала болатыны рас. Сондай оқушының бірі кейіпкеріміздің сыныбында да болған.

– Ол кезде сабақ 6 күндік болатын. Бір оқушымы болды, сабаққа тек 5 күн келіп сөңбі күні үнемі мектепке келмей, үйінде ұйықтап жататын. Әр аптаның 6-шышы күні оны үйіне барып оятып, мектепке алып келетінмін. Сол оқушымы қатарластарының арасында бірінші болып шаңырақ көтеріп, қазір үлкен қызметте абыроймен еңбек етуде. Ерінбей әр аптаның сөнбесінде оятып, сабаққа қатыстырған еңбегім еш кеткен жоқ. Мен барлық оқушыға бірдей қараймын, олардың барлығының болашақта өмірде өз орындарын тапқанын құп көремін, – дейді білікті педагог.

Иә, жас ұрпаққа білім мен тәрбиені қатар беру оңай емес. Өйтсе де мақаламызға арқау болған кейіпкеріміз – төтенгің тегзе салған текті ұстаздың бірі. Ол – әр шәкірттің бойындағы ерекшелігі мен қабілетіне қарай олардың көңілінен жол таба білген жан. Әр жыл сайын оқушыларды ұлттық бірыңғай тестілеуге дайындап, олардың тұрлау болып қалыптасуына өзіндік үлес қосып жүрген оның жетістігі жетерлік. Бұл еңбек бүгінде жоғары бағаланып, бірнеше мәрте марапат төрінен көрінген. Ол оқушыларға сабақ бергеннен демалыс, олардың үйіне жаңа нәрсені біліп, түсініп қайтқанынан артық бақыт жоқ» деп біледі.

Ақтоты ЕРЖАНҚЫЗЫ

Озат оқушы

Білімге құштар озат оқушының бірі – Дархан Мырзабек. Ол қазіргі таңда – Ақсудағы алтын ұяның түлегі. Биыл алтын ұя мектебімен қоштасып, үлкен өмірге қадам басатын оқушының алға қойған мақсаты айқын. Алғашқы сынама тесттерден жоғары балл жинап үлгерген Дарханның таңдауы дүние жүзі трайхы және құқық негіздері пәніне түскен.

Дарынды Дархан



– Өздеріңіз білетіндей, сынама тест тек бітіруші түлектерден ғана емес, 10-шы сынып оқушыларынан да алынады. Сондықтан былытрдан бастап тест кітапшалары арқылы үйде, мектепте қосымша іздену арқылы ұлттық бірыңғай тестілеуге дайындықты бастадым. Соның нәтижесінде былытрдан бастап жоғары балл жинап кетемін. Жаңа оқу жылы басталғалы екі рет тест тапсырдым. Әзірге орташа деңгейде. Көздеген мақсатыма жету үшін елде де тыңғылықты дайындық жүргіземін. Заңгер маманы болуға ниеттеніп отырмын. Білікті маман иесі болып, қоғамға өз пайдамды тигізіп, еліме адал еңбек етсем деймін. Ата-анам мен ұстаздарымның артқан сенімі мен үмітін ақтауға тырысамын, – дейді Дархан Айдосұлы.

Білімге құштар Дархан – мектеп мақтанышы. Ол бүгінге дейін бірнеше мәрте білім бәйгелерінде топ жарған. Тек бір ғана нәмінен шектелмей, география, әдебиет сынды сабақтардан да үздік атанған, яғни 8 сыныптан бастап әдебиет пәнінен өткен аудандық мәнәреп оқу байқауында топ жарған. Мәселен, аудандық «Ахмет Байтұрсынұв», «Әбіш Кекілбаев», «Лияс Жансүгіров» оқуларынан III орын иеленген. Мұнан бөлек «Шерхан Мұртаза», облыстық «Әбіш Кекілбаев» оқуларының жеңімпазы. Сондай-ақ география пәнінен аудандық пәндік олимпиада жүлдегері. «Жас ұлан» республикалық әскери-спорттық ойынының облыстық кезеңінде «Тарихи іздеу-зерттеу жобасын қорғау» номинациясы бойынша II орын иегері.

Ол жалпы білім беретін мектеп оқушылары арасында өткізілген «Ұлы өнертапқыштыққа алғашқы қадам» инновациялық идеялардың республикалық байқауының аудандық кезеңінде «Автокөліктің қолданыстағы модельдерін әзірлеу саласындағы техникалық құрастыру» бағыты бойынша II орын иеленген. – Мен бұл байқауда жетекшілік Қарлығаш Байғазиевамен бірге 1 ай дайындалып, жарақат алған адамдарды жылдам жеткізу мақсатында әскери жедел жәрдем көлігін құрастырып жасадым. Көліктің арнайы тіркемесі бар. Ол арқылы дәрігерлер науқастарды жол бойы емдей алады. Сондай-ақ қажет болған жағдайда оқ-дәрі тасымалына көмегін тигізе алады. Көлік тоқпен алға, артқа және оң мен солға жүреді, – дейді мектеп мақтанышы.

«Жігітке жеті өнер де аз» демекші, озат оқушы біліммен қатар спортты да жанына серік еткен. Баскетболдан мектеп құрамасында өнер көрсетіп, оқушылар арасында өткен тоғызқұмалақ ойынынан облыстық, республикалық кезеңіне дейін жолдама жеңіп алып, тартысты ойын өрнегін көрсеткен.

«Ұстазы жақсының ұстанымы жақсы» демекші, Дархандай алғыр баланың озат оқушылар қатарынан көрінуіне ұлағатты ұстаздарының да қосқан үлесі зор.

– Дархан – мектебіміздің мақтанышы. Ол 1 сыныптан бері үздік оқушылар қатарында көш бастап жүр. Қазіргі таңда дайындық сынақтарынан жоғары балл жинап, алға қойған мақсатына жету үшін күндіз-түні оқудан бас алмауда. Соның нәтижесінде «Алтын белгісін» ақтайды деп сенеміз. Қоғамдық жұмыстарға да белсене араласып, мектепте өтетін шаралардың барлығына атсалысады. Білім сайысын, дебат, спорттық сайыстардың барлығын Дарханның қатысуынсыз өтпейді десем де болады. Себебі ол – мектептегі жан-жақты, үздік оқушы. Үнемі ізденіс үстінде жүріп, барлығына уақыт табуға тырысады. Сабаққа да, жарысқа да, үйірмелерге де үлгеріп қатысуда. Аудандық, облыстық сайыстар, пәндік олимпиада немесе ғылыми жобаларда да үздіктер қатарынан көрініп, жүлдемен оралып жүрген білімді шәкірттіміздің бірі, – дейді сынып жетекшісі Майра Қазбекова.

Алғыр баланың бойындағы қабілетін байқап, талантын шыңдауына зор мүмкіндік беріп, бағыт-бағдар көрсеткен мектеп ұжымының еңбегі өлшеусіз. Ұстаздарының үмітін ақтап, мектеп мақтанышына айналған Дарханның білім бәйгесіндегі биіктігінен үлгі алар оқушы көп.

Ақтоты БҮРКІТБАЙ

Ұстаздар құрмет төрінде

«Үздік жаңашыл мектеп» номинациясын №31 мектеп-гимназия ұжымы иеленді. Жұлде қоры – 1 млн теңге. 2022-2025 оқу жылының қортындысымен ауыл мектептеріне арналған пәндік олимпиаданың республикалық кезеңінде күміс медаль иегері атанса, жалпы білім беретін пәндер бойынша орыс мектебіндегі қазақ тілі мен әдебиеті пәні бойынша оқушылары қола медаль иеленген.

Сондай-ақ «Үздік шығармашыл мектеп» номинациясымен Қарақаткен ауылындағы №114 мектеп ұжымы марапатталды. Жұлде қоры – 1 млн теңге. Өткен оқу жылының ҰБТ қорытындысымен мектеп бітірушілерінің орташа көрсеткіші – 96,4 пайызды құрап жоғары нәтижеге қол жеткізген. Оқушылары республикалық Абай оқулары байқауының жеңімпазы.

Былырғы оқу жылында ҰБТ қорытындысы бойынша оқушылары 100 пайыз мемлекеттік грант иеленіп, республикалық «Қадыр оқулары» байқауынан бас жүлде, «Бастау» республикалық олимпиадасынан жүлделі II иеленгені үшін «Үздік табысты мектеп» номинациясы Тан ауылындағы №118 мектеп ұжымына табысталды. Жұлде қоры – 1 млн теңге.

Мұнанбөлек «Үздік мектепке дейінгі ұйым» номинациясымен Бұқарбай батыр ауылындағы №13 Балдырған бөбекжай-бақшасы марапатталды. Жұлде қоры – 1 млн теңге. Оқу жылының қорытындысымен облыстық деңгейде өткен «Үздік циклограмма», «Үздік мектепке дейінгі жоба» конкурстарының жеңімпазы. Балабақша педагогтары «Үздік зерттеуші», «Үздік психолог» облыстық байқауларының жүлделі орындарын иеленген.

Иә, мұғалім мамандығын барлығы оқи алуы мүмкін. Алайда нағыз мұғалім болып қалыптасу екінің бірінің қолынан келмейді. Сән салтанаты келіскен кезеңде бәсекеге қабілетті ұрпақ тәрбиелеп шығару – ұстаздың басты міндеті. Шарада ұстаздар қауымына аудан әкімінің ықылас гүлі табыс етіліп, аудан өнерпаздарының мерекелік концертімен қорытындыланды.

Ақтоты ЕРЖАНҚЫЗЫ

2025 жылы IV тоқсанда «Жалағаш аудандық тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімі» коммуналдық мемлекеттік мекемесінде бөлім басшысының азаматтарды және заңды тұлғалардың өкілдерін, оның ішінде осы мекеменің қызметкерлерін жеке қабылдау кестесі

р/с	Жеке қабылдауды жүргізетін адам (тегі, аты, әкесінің аты)	Жеке қабылдауды жүргізетін адамның лауазымы	Жеке қабылдау күні мен уақыты	Мемлекеттік мекеменің орналасқан жері	Байланыс телефоны
1	Ербол Ғабит Ерболұлы	Бөлім басшысы	Бейсенбі күні сағат 15.00-ден 18.00-ге дейін	Жалағаш кенті Желтоқсан көшесі №3	32-6-15

4 ТӘЛІМ

Қарияларға құрмет – бізге міндет



Ел мүддесін бәрінен биік қойып, өзінен кейін ізін басқан ұрпағына ұлылығын көрсетіп, бір қауымға бас-көз бола білген ақсақал-аталарымыз бен ақжаулықты әжелеріміздің қашанда орыны ерекше. Халқымыздың асыл қасиеттерінің бірі – үлкенді сыйлап, оның сөзіне құлақ асу. 1 қазан – Халықаралық қарттар күні. Аталған мереке 1990 жылы 14 желтоқсанда БҰҰ Бас ассамблеясында бекітіліп, жарияланды. Содан бері жыл сайын дәстүрлі түрде тойланып келеді. Биыл да бұл мереке жалғасын тауып, Қонысбек Қазантаев атындағы мәдениет үйінде «Қарттарын қадірлеген ел ардақты» атты салтанатты шара өтті.

– Ардақты ардагерлер, сіздерді Халықаралық қарттар күні мерекесімен шын жүректен құттықтаймын! Сіздер елдің ең ауыр кезеңдерінде аянбай еңбек етіп, маңдай термен осы тәуелсіз елдің іргесін қаладыңыздар. «Әке көрген оқ жонар, ана көрген тон пішер» демекші, әрбір ісмізде, әрбір қадамымызда сіздердің тәлімдеріңіз бен ұлағатты тәрбиелеріңізді ізі жатыр. Сіздер – өмірдің талай сынынан сүрінбей өтіп, тоқсан тарау жолдан түйін түйген даналықтың иесісіздер. Сіздер әр отбасында ғана емес, бүкіл қоғамда тыныштықтың, татулықтың, сабыр мен парасаттың белгісі болып отырсыздар. Ұрпақ тәрбиесінде сіздердің алатын орындырыңыз ерекше. Бүгінгі жастарға бағыт-бағдар беріп, өмірлік жолын дұрыс таңдауға себепкер болып келесіздер. Өскелең ұрпақ үшін сіздер борышқа адалдықтың, Отанға деген сүйіспеншіліктің, жеңіске деген өшпес ерік-жігердің үлгісісіздер! Ауданымыздың тарихында сіздердің еңбек жолдарыңыз, қосқан үлестеріңіз алтын өрілген жазылып, кейінгі ұрпаққа жетіп отыр. Уақыт өтсе де

ардақты ағалардың өнегелі де өрелі істері ұрпақтан-ұрпаққа жалғаса бермек. Сіздердің елді бірлікке, ынтымаққа шақырып, қазіргі қоғамда алдымызда ақылшы болып жүргендеріңіз – біз үшін үлкен бақыт. Осы мереке күні аудан әкімінің атынан сіздерге зор алғысымызды білдіре отырып, әр шаңыраққа амандық, әрбірңізге мықты денсаулық, ұзақ ғұмыр тілеймін, – деді аудан әкімінің міндетін уақытша атқарушы Ғани Сүлейменов.

Қазыналы қарттарымызды мерейлі мерекесімен құттықтаған Ғани Кенжеғараұлы бірқатар ардагерге Құттықтау хатын табыстады. Бүгінде ауданымызда 4 мыңға жуық ардагер бар. Аудан әкімдігі тарапынан ардагерлер ұйымы мен ардагерлерге әрқашан қолдау көрсетіліп келеді.

Мәселен, жыл сайын аудандық ардагерлер кеңесінің ұйымдастыруымен ардагерлер спартакиадасы, ардагерлер арасында балық аулаудан жарыс, көркем өнерпаздар байқауы, түрлі мәдениет-спорттық шаралар өткізіліп, ардагерлеріміз белсенді түрде қатысып келеді.

Қазыналы қарттар – біздің басты байлығымыз. Бұл мерекенің маңызы да, мағынасы да ерекше. Жыл сайын өсем күзбен қатар келетін бұл мерекенің бұл мезгілде тойлануы да тегін емес. Себебі барлық өнім күз айында жемісін береді. Ал қазыналы қарттар – халықтың, ұлттың жемісі. Олардың жүріп өткен жолы – жас ұрпаққа өнеге, ұлағат.

– Құрметті аудан тұрғындары! Келіп жеткен қарттар күнімен баршаныңызды құттықтаймын! «Қарты бар елдің қазынасы бар» деп еліміз бекер айтапаң, сондықтан қарттарға қашанда құрмет көрсетіп, сыйлаңыздар. Олар – әрқашан адалдық пен адамгершіліктің үлгісі болып, үлкенге құрмет көрсетіп, кішіге қамқор бола білген жандар. Ауданымыздың өркендеуі мен дамуында бүгінгі қарттарымыздың қолтаңбасы бар. Олардың тынымсыз еңбегі, саналы ғұмыры – бүгінгі жас ұрпаққа өнеге. Қарттарымыз алдағы уақытта да ел игілігі үшін қоғам өміріне белсене араласып, арамызда ақылшы, кеңесші болып жүре берсін дегім келеді. Бүгінгі мере-

ке баршаңызға құтты болсын. Қазыналы қарттар аман болсын, – деді қаржы саласының ардагері Жақсыгүл Жылқышьева.

Қариялар елдің ортасында ақылмен дара болып, өнегелі өмірімен құрметке бөленіп келеді. Отбасының ынтымағын сақтап, елдің бірлігін бекем ету де қазыналы қарттарымыздың өншісінде. Олардың айтқан ақылы жас ұрпақтың өсіп-өркендеуіне айтарлықтай сеп болатыны анық. Ата-әжесі бар үйдің балалары да өзгелерден ерек, қариялардың ыстық алақанынан дәм татып, жауһар сөздерін саналарына сіңіріп өседі. Әр ұлттың өзіндік ерекшелігі, салт-дәстүрі, тілі, ұлттық мәдениеті болатыны белгілі. «Ауылында қартың болса, жазылып қойған хатпен тең» деп жасы кішілер қазыналы қарттарға ерекше құрметпен қарауда.

Жалпы қазыналы қарияларға қандай құрмет көрсетсек те артық өтпейді, себебі олар – біздің бағдаршамымыз. Өскелең ұрпақ солардың өмір жолына қарап бой түзейді. Бүгінде әр шаңырақта ақылмен айтып, тәлімді тәрбиесін беріп, немере-шөберелерінің ортасында марқайып отырған ата-әжелерімізді көрудің өзі бір бақыт. Болашақтың даңғыл жолын даярлап, кейінгіге берер тәлім-тағлымды мол қазыналы қарттарымызға арналған шара соны аудан өнерпаздарының концертті бағдарламасына ұласты.

Сезім НҰР

Мерей

«Қарты бар елдің қазынасы бар» дейді дана қазақ. Бізге бағдаршам болған алдыңғы буын ардагерлеріміз қандай құрметке де лайық. Мереке қарсаңында аудандық білім бөлімі мен білім қызметкерлерінің кәсіподақ комитеті бірлесіп, салада ұзақ жыл еңбек етіп, бейнетінің зейнетін көріп отырған ардагерлерге құрмет көрсетті.

Ұстаздық – ұлы қызмет



Келелі басқосуға аудандық білім бөлімінің басшысы Талғат Садықов, білім қызметкерлерінің кәсіподақ комитеті төрағасы Гүлзат Құрманбаева және білім саласының ардагерлері қатысты. Сала ардагерлерін мерейлі мерекесімен құттықтаған аудандық білім бөлімінің басшысы Талғат Құрақбайұлы ауданда білім саласынан зейнеткерлікке шыққан 630-ға жуық ардагер ұстаз барын тілге тиек етіп, олардың салада серпін қалыптастыруда қолтаңбасы барын жоққа шығармады. Ең алдымен қатар келген Қарттар күні мен Ұстаздар күні мерекесімен сіздерді шын жүректен құттықтаймын. Сіздерге зор денсаулық, ұзақ ғұмыр тілеймін. Біз, кейінгі буын, сіздерден үлгі аламыз. Баталарыңызды алып, алға ұмтыламыз. Соңғы жылдары аудандағы білім саласы үлкен жетістіктерге жетіп келеді. Бұл табыстың артында сіздердің ерен еңбектеріңіз, маңдай терлеріңіз, сарқылмас қажыр-қайраттарыңыз жатыр. Әрбір баланың білім алып, ел ертеңіне айналуына қосқан үлестеріңіз зор. Ұстаздық – ұлы қызмет. Осы жолда табанды еңбек етіп, бәсекеге қабілетті ұрпақ қалыптастыруға ұзақ жыл тер төккен баршаңызға алғыс білдіремін, – деді Талғат Құрақбайұлы.

Мұнан кейін Гүлзат Ердаулетқызы да олардың салаға сіңірген еңбегіне ерекше тоқталып, ардагер ұстаздарға құрмет көрсетті. Сондай-ақ ол бүгінгі ардагер ұстаздардың саналы ғұмыры кейінгі буынға өнеге екенін тілге тиек етті.

– Өмірлеріңізді жас ұрпаққа сапалы білім, саналы тәрбие беруге арнап, еңбегіңізді сіңіргендеріңіз. Бүгінде шәкірттеріңіз сан салада қызмет етіп, елдің дамуына үлес қосып келеді. Бұл – сіздердің еңбектеріңіздің жемісі. Сіздердің қажырлы еңбектеріңіз бен өмірлік тәжірибелеріңіз – әрқашан бізге өнеге, – деді Гүлзат Құрманбаева.

Жылында ардагер ұстаз Дина Мейрман Айтқұмис Орынбаева сөз сөйлеп, білім саласының қоғамдағы маңызына тоқталып, әріптестерін мерейлі мерекесімен құттықтады. Ардагер ұстаздар марпат төріне көрініп, аудандық білім бөлімі мен аудандық кәсіподақ комитетінің алғыс хаттары мен сыйлықтары табысталды. Сондай-ақ аудандық өнер мектебінің оқушылары өз өнерімен қонақтарға көтеріңкі көңіл құй сайлады.

Ауыл жұрты қазыналы қартына құрмет көрсетті

Халықаралық қарттар күніне орай Ақсу ауылдық округінің әкімі Марат Шілдебаев пен ауылдық мәдениет үйінің ұжымы ардагер Нұргүл Дүзелованың шаңырағына арнайы барып, мерекесімен құттықтады. Марат Шілдебаев ауыл ардагерінің еңбек жолына тоқталып, елді мекеннің дамуы жолында ақжаулықты әжеміздің қажырлы еңбек еткенін тілге тиек етті. Сондай-ақ ол ардагердің өнегелі өмір жолы жастарға үлгі болатынын жеткізді.



Айта кетейік, Нұргүл Дүзенова 1949 жылы Мәдениет ауылында дүниеге келген. Жолдасы екеуі 6 бала тәрбиелеп өсірді, әжеміз 13 немере, 1 шөбере сүйіп отыр.

Ауыл ардагері 2012 жылы ҚР Конституциясы күніне арналған ардагерлердің аудандық II спартакиадасында қол күрестен I орын алды. ҚР Тәуелсіздігінің 25 жылдығы аясында өткен аудандық ардагерлер спартакиадасының дартс бағдарламасынан әйелдер арасында I орын және дойбы бағдарламасынан II орын жеңіп алған. 35 жыл есепші болып абыройлы қызмет атқарған «Асыл әжелер» ансамблінің мүшесі.

Қазыналы қария 2014 жылы аудандық ардагерлер байқауында III орынға ие болса, 2015 жылы көш бастады. 2016 жылы Тәуелсіздіктің 25 жылдығына арналған «Тәуелсіздік – азаттық, таң нұрым» атты ардагерлер көркемөнерпаздарының аудандық байқауында алғыс хатпен марапатталды. 2017 жылы «Қарты бар ел – қазыналы ел» атты ардагерлер арасында көркемөнерпаздар аудандық байқауда I орын иеленсе, «Қарттардың да өнерге бар таласы» атты облыстық байқауда үздік үштікті түйіндеді. 2018 жылы Қарттарын қадірлеген ел ардақты» атты аудандық ардагерлердің көркемөнерпаздар байқауында II орын иеленді. 2019 жылы Жалағаш ауданының 80 жылдығы аясында «Қарттарын қадірлеген ел ардақты» атты ардагерлердің көркемөнерпаздар байқауында I орынды иеленді.

Сондай-ақ ол 2020 жылы аудандық ардагерлер кеңесінің ұйымдастыруымен өткен «Қарттарын қадірлеген ел ардақты» атты аудандық байқауда I орын иеленді. 2021 жылы ҚР Тәуелсіздігінің 30 жылдығына орай ардагерлердің көркемөнерпаздар байқауында бас жүлде иеленді. 2022 жылы қарттар күніне арналған «Ардагерлер өнер туыны көтерген» атты аудандық байқауда топ жарды. 2023 жылы «Ақ жаулығым – тұмарым» атты әжелер ансамблдерінің облыстық байқауында, «Қарты бар елдің қазынасы бар» атты ардагерлер ансамблдерінің аудандық байқауында I орын жеңіп алды.

Ауыл ардагерінің шаңырағына арнайы барған Марат Шілдебаев ақжаулықты әжемізге құрмет көрсетіп, аудан әкімінің Құттықтауын табыстады. Батыр ана бұл құрметке алғыс білдіріп, келген қонақтарға батасын берді.

Ерлан АНУАРҰЛЫ

Гибрат

Ардагер ұстаз

Алаштың ардақтысы Мағжан Жұмабаев айтқандай, алты алаштың басы қосылса, төрдегі орын – мұғалімдікі. Әр оқушыны білім белесіне қанат қақтырып, талабын ұштайтын да – ұстаз. Ауданда саналы ғұмырын салаға сарп еткен ұстаздар көп. Соның бірі – кент тұрғыны Күлшат Балмаханова.

Мереке қарсаңында ардагер ұстазбен жүздесу үшін шаңырағына арнайы аялдадық. Бізді жылы шыраймен қарсы алған кейіпкеріміз «аудандық редакциядан хабарласып тұрмын дегенде бір марқайып қалдым» деп ризашылығын білдірді.

Өмірі ұстаздық қызметпен өрілген Күлшат Балмаханова еңбек жолын алғаш қоғам қайраткері Темірбек Жүргенов атындағы орта мектепке ауысып, тарих пенін сабақ берген. Бір қызығы, кейіпкеріміз бір ғана пәнмен шектелмеген. Маман тапшылығына қарай география, алгебра пенін де сабақ берген.

– Мен бала күнімде волейболға қатты қызығатыным. Содан мектепті бітірген соң Шымкент қаласындағы іргелі оқу орнына дене шынықтыру пәнінің мұғалімі мамандығына құжат тапсырдым. Алайда әкем «сөн өмір бақи доп қуалап жүресің бе, келешекте тұрмысқа шығып, ана атанасың. Саған бұл мамандық болмайды, сені басқа мамандыққа ауыстырамын» деді. Сөйтіп әкеммен бірге дәлізге шықсақ, бір бала жылап тұр екен. Жанына жақындап сұрап едік, әлгі бала «мен тарих пенін жек көремін, спортқа барғым келеді» деді. Содан әкем екеуімізді ертіп ректорға алып барып, екеуіміздің мамандығымызды ауыстырды. Оқытушымың арқасында тарих пәні ұнап, сол мамандықты толық меңгеріп шықтым, – дейді Күлшат Сабырқызы.

Кейіпкеріміз еңбек еткен жылдары қазіргідей техника дамымаған, бірақ тәртіп қатал болды. Барлығын өз қолымен түнімен жазып, көз майын тауысатын. Сонда да олар еңбек етуден білім беруден қашқан емес. Тарих пә-

нінің мұғалімі мамандығын бітірсе де, мектепте маман тапшылығына орай география мен алгебрадан қосымша сабақ берген. Себебі басты мақсат – оқушыларға білім беруді тоқтатпау. «Мен ол пән мұғалімі емеспін» деп жауапкершіліктен қашпай, керісінше оқушыларға сапалы білім беруге тырысып, кітапханадан бас алмаған.

Ол ұстаздық қызметпен қатар келіндік міндеттерін де мінсіз орындауға уақыт тапты. Бүгінде 6 бала тәрбиелеп өсіріп, олардан 21 немере сүйіп, дұрыс бағыт-бағдар беріп отыр.

– Ұстаздық қызметпен қатар үй шаруасына да үлгеріп отырдық. Сәбиімізді қолға алып, перзентханадан бүгін ғана шықсақ та, үйді әктеп, нан көміп, көшенің басынан су таситынбыз. Сонда да еш шағымданбай, тынбай еңбек еттік. Шүкір, қазір соның жемісін көріп отырмыз. Балаларым да, білім берген шәкірттерім де үмітімді ақтады. Қазіргі артыманан өрген жас мамандарға айтарым, әр шәкіртпен жек жұмыс жасай отырып, олардың бойынан қандай да бір талантты дер көзінде анықтау керек. Кез келген баланың бойында ерекше бір талант болады. Біреуі өнерге, спортқа бейім. Ал ұстаз соны өртерек анықтап, әрі қарай шындау керек. Көпке топырақ шашпаймын, десе де қазіргі кей ұстаздар бір сыныптан бір баланың ғана қабілетін ашып, тек сонымен ғана жұмыс жасап, қалған балалар назардан тыс қалып жатады. Бұл дұрыс емес, барлық баланы бірдей көріп, беріне үлгеру керек, сонда ғана бәсекеге қабілетті ұрпақ қалыптастыруға жол ашылады, – дейді ардагер ұстаз.

Ол қазіргі таңда мектепте тәртіпті қаталдату керектігін айтты. Ұлы ойшыл Әбу Насыр Әл-Фарабидің «Тәрбиесіз



берілген білім – адамзаттың қас жауы» дегенін ескеріп, ел ертеңі болған жастарды тұлға етіп қалыптастыруда білім беріп қана қоймай, тәрбие жұмысын қатар алып жүру қажеттігін қаперге салды.

Ардагер ұстаз мектептің қоғамдық жұмыстарына белсене араласқан. Айтуынша, мұғалімдерден құралған топта өнер көрсетіп, бірнеше мәрте аудандық, облыстық, республикалық жарыстан жүлделі орынмен оралған. Ардагер ұстаздар білім алған шәкірттері түрлі мамандық иесі атанып, бүгінде ауыл, аудан, облыс төңірегінде елге адал еңбек етіп жүр.

Ол көшеде көрсе, тоқтап сәлем беретіп, алыстан арнайылап іздеп келетін шәкірттері барын айтады. Әр жылдары мереке қарсаңында шәкірттері жылы лебізін білдіріп, құттықтап келеді екен. Сөзімізге бүгінгі мереке қарсаңында ұстазға құрмет көрсетіп келген шәкірттері дәлел.

– Шүкір, шәкірттерім жаман емес. 45 жылдық еңбегімде алдымнан сансыз түлек түлеп ұшты. Олардың алды бүгінде немере сүйіп отыр. Әлі күнге де-

йін көшеден көріп қалса, жолымды көспей, аман-саулығымды сұрап, рахметін айтып өтеді. Төтенгің тәзге салған халықпыз ғой. Талай тентекті жеңге салып, тұлға болып қалыптасуына титтей де болса үлесімді қостым деп айта аламын. Білім саласында еңбек еткеніме еш өкінібеймін, – дейді ол.

Кейіпкеріміздің шаңырағына шәкірттерінен бөлек әріптестері де мереке қарсаңында құттықтап барады. Біз барған күні де бірге еңбек еткен ардагер ұстаздар Күлшат алайды айтулы мерекесімен құттықтап келді. Саладан кетсе де, санадан кетпеген ардагер ұстазға мұндай құрмет пен ізеттілік көрсетуі ұстаз еңбегінің жемісі деп білеміз.

Ардагер ұстаз үнемі шәкірттеріне адал еңбекпен нан табуды, өшкімнің ала жібін аттамауды мұрат еткен. Қаншама шәкірттің жүрегінен орын алып, олардың бойына білім мен қатар асыл қасиеттерді сіңірген ардагер ұстазға сұхбат соңында денсаулық тілеп, бөсекелі шаңырағынан редакцияға бет алдық.

Ақтоты БҰРКІТБАЙ

Меншік иесі:



жауапкершілігі шектеулі серіктестігі

Бас директор
Марат АРАЛБАЕВ

Жалағаш аудандық
“Жалағаш жаршысы” газетінің редакциясы

Бас редактор
Кенжетай ҚАЙРАҚБАЕВ

Телефондар:
Бас директор - 8(7242) 70-00-36
Бас редактор - 32-0-41
Бас редактордың орынбасары,
жауапты хатшы,
бөлімдер - 31-5-75

Газет Қазақстан Республикасы Ақпарат және коммуникациялар министрілігінің Ақпарат комитетінде 16 сәуір 2019 жылы қайта тіркеліп, №17662-Г куәлігі берілген.

“Жалағаш жаршысы” аудандық газеті ҚР СТ ISO 9001:2015 (ISO 9001:2015) “Сапа менеджменті жүйелері” талаптарына сәйкес KZ.4310318.07.03.01178 нөмірімен сертификатталған.

Газет әр аптаның сейсенбі, сенбі күндері шығады. Қолжазбалар өңделеді және кері қайтарылмайды. Жеке авторлардың пікірі редакцияның түпкілікті көзқарасын білдірмейді. Жарнама мазмұнына жарнама беруші жауапты.

Газет редакцияның компьютер орталығында теріліп, беттеліп, «ASU» баспа үйі» ЖШС сенімгерлік басқаруындағы «Сыр медиа» ЖШС баспаханасында басылды.

Тел.: 8(7242) 40-06-68.

Газеттің таралымы бойынша

31-5-75 нөміресе 8 (7242) 70-14-08

телефон нөміріне хабарласуға болады.

Таралымы 2763 Тапсырыс №1654

Кезекші редактор: Ақтоты БҰРКІТБАЙ

Мекен-жайымыз: 120200, Қызылорда облысы, Жалағаш кенті, Абай көшесі №68. E-mail: zhal_jarsh@mail.ru